




Қазақстан-2030
ЕЛДІК МІНБЕРІ



Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ

КЕЛЕШЕКТІҢ АЛТЫН КІЛТІ

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ

КЕЛЕШЕКТІҢ
АЛТЫН КІЛТІ

АЛМАТЫ,
“ҚАЗАҚСТАН”
2003

ББК 74.58

Ж 69

БҮЛ КІТАПША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ӘДЕБИЕТ
ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Жолдасбеков М.

Ж 69 Келешектің алтын кілті. – Алматы: ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, – 2003. – 24 бет.

ISBN 9965-10-006-3

Филология ғылымының докторы, профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Мырзатай Жолдасбековтің бұл кітапшасында еліміздің бүгінгі мен болашағы үшін маңызы өте жоғары білім беру ісінің қазіргі жайы, проблемалары кеңінен сөз болады. Кітапша қалың оқырман қауымға арналған.

Ж 4309000000 – 08
401 (05) – 03

ББК 74.58

© М. Жолдасбеков.

© ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2003.

ИБ №64

Басуға қол қойылды 02.04.03. Пішімі 70x90 1/32
Қағазы офсеттік. Қабіп түрі “Таймс”. Шартты баспа
табағы 0,9. Есепке алынатын баспа табағы 1,0.

М. Жолдасбековтің
Тиражы 2000 дана. Тапсырыс № 465.
жеке кітапханасынан

ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”
ИЗ ЛИЧНОЙ АЛМАТЫНАСЫ
Алматы қаласы,
Прокофьев көшесі, 226/1.

М. Жолдасбекова

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.



«Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, too_kitap@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ аяғында халқымыз сан ға-сырғы арманына жетті, тәуелсіз мемлекет атандық, XXI ғасырдың басында сол егемендіктің он жылдық мерекесі тойланды; ілгергі үміт ақталды, мемлекеттік қалыптасты. Қазақтың аяғы жетпеген жер жоқ. Қазақстан ұлы өркениетке аяқ басты.

Соңғы он жылда заман, қоғам, ой-сана өзгерді, бірақ өкініштісі, мұғалімнің көбі өзгермей қалды. Даналардан, білімділерден, шешендерден қалған терең ой, көсем сөз көп еді – олар да әлі игерілмей келеді, студенттердің көбінің санасын сауда билеп, осыдан жүз жыл бұрын Абай айтқан я тілмаш, я адвокаттың жетегінде келеді.

Біз осыдан елу жыл бұрын Алматыға жер-жерден жалаң аяқ, жалаң бас білімді аңсап келіп едік, бүгінгі жастардың көбінің астында машина, қалтасында ұялы телефон, түн баласы ұйқы көрмей кезуде жүр. Сонда елдің келешегін кім ойлайды, болашақ не болады?

Иә, келешек ақпараттық технологияның, кибернетиканың, жаһандасудың, кірігудің заманы. Демек, қазақ халқы бұл процестен шет қала алмайды, ал келешек – білімде. Ол – әуелі тәуелсіздіктің берік қамалы, туындай тұтқасы. Боламын

деген ел ендігі жерде бар амалын осы білімнен іздейді. Төрге өзіміз отырғалы төңірек түгел, бас аман, бауыр бүтін десек те, ғылымы жоқ академиялар мен білімі жоқ университеттер етек алған заманда өткенге ой тастап, ілгерімізді пайымдап, дарынсыздан дарындыны ажырататын, ел келешегінің алтын кілті – білімді саралайтын мезгіл жетті деп ойлаймын.

Мен өзімді білім саласындағы адам санатына қосамын: университет бітірдік, отыз жылдан астам оқытушы, декан, ректор, министр қызметін атқардық, вице-премьер болған жылдарда да осы мәселемен тікелей айналыстым, міне бүгінде араға он жыл салып бұл салаға қайта оралдым. Сонда нені көрдім, нені аңғардым, жоғары білім саласында не істелуі керек, не атқарылу керек – осы төңіректегі қайсыбір ой-толғаныстарымды ортаға салуды жөн көрдім.

Технология, ақпараттандыру, жаһандасу және кірігу ғасырында, жаңа дүние үшін күрес жолында адамға білім беру проблемасы алдыңғы кезекке шығып отыр.

Біздің еліміздің білім беру саласында өткен он жылдың ішінде ештеңе өзгерген жоқ деуге болмайды. Аталған мерзім білім берудің қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыруға байланысты алуан түрлі (кей кезде, қарама-қайшылықты, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын) ізденістердің, шешімдердің уақыты болды. Оқу орындарының аттары өзгертілді (бұрынғы техникумдар – колледж, институттар – университет және академия деп атала бастады), мемлекеттік білім ордаларымен қатар

жеке оқу орындары дүниеге келді, пайдасыз жаңалықтар енгізілді. Содан да ХХІ ғасырдың талабына сәйкес жоғары білім берудің қазақстандық ұлттық жүйесі жасалмады.

Сонда жоғары білім берудің жүйесі өрі қарай қалай дамуы қажет? Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен дүние жүзіндегі білім беруді дамытудың басым тенденцияларын анықтап алу шарт.

Соңғы он жылда өркениетті елдерде жоғары білім беру саласына ілгерілеу тенденциялары тән болғандығы көрінеді: жоғары білім берудің дәстүрлі жүйелерін реформалау және қайта жаңғырту; университеттердің нарықтық экономиканың субъектілеріне айналуы; оқытудың инновациялық технологияларын жасау және дамыту; университеттік білім беру мен ғылымының ықпалдастығын тереңдету; университеттердің автономиясын дамыту және олардың қызметін басқару мен ұдайы бақылаудың тиімді тәсілдерін табу; қосымша білім беру қызметтерінің көбеюі. Сонымен қатар жүйе қаржы дағдарысын да басынан кешті.

Әлбетте, бұл тенденциялар Еуразиялық аймақтық және ұлттық ерекшеліктері бар Қазақстандағы білім беруді дамытуға да өз әсерін тигізбей қоймайды.

Айталық, 90-шы жылдары Еуразия аймағы елдерінің жоғары білім беру ісінде мынадай процестер байқалды: мемлекеттік сектордың қысқартылуы; мемлекеттік қаржыландыру үлесінің азайтылуы; аймақтық бұрынғы кеңестік ғылым-білім кеңістігінің қайта құрылуы; классикалық универ-

ситеттік білім берудің көп сатылы жүйемен ауыстырылуы; көптеген “реформалар” мен құрылымдық қайта өзгерістер; сапаның төмендеуі; жеке (мемлекеттік емес) жоғары оқу орындарының сан жағынан өсу құбылысы; дәулетті топтардың жоғары білімді шет елдерде алуға қайта бағдар ұстауы; білім беруді университеттендіру; жоғары мектепті дағдарыстан шығаруға ұмтылу және білім берудің жаңа ұлттық моделін жасау; Еуразия аймағындағы ғылым-білім кеңістігін жақындастырудың жолдарын іздестіру.

ҚАЗАҚСТАНДА да жоғары білім беру 90-шы жылдары өте қиын жағдайда дамыды. Жоғары мектеп саласында қонымды, қонымсыз процестер қатар жүріп отырды. Олардың негізгілері мыналар: жоғары білім беру туралы заңдар жасалды; мемлекеттік шығындар қысқарды; білім беру жүйесінде көптеген “оңтайландырулар” етек алды; материалдық-техникалық база әбден ескірді, тозды; білікті педагогтардың көбі білім беру саласынан кетіп қалды; университет мамандықтары бойынша оқытудың 5 жылдық мерзімі жойылды; бакалавриат пен магистратура енгізілді; қазақстандық жоғары білім беру жүйесін “тұйықтығынан” құтқару талабы көріне бастады; мамандықтар классификаторы тұрақталмады және олар мамандықтар мен даярлау бағыттарына жіктелмеді; мемлекеттік стандарттардың жаңа буынын жасауға талпыныс басталды; қабылдаудың және академиялық емтихандарды өткізудің тестілік әдісі тарады; студенттер құрамын қалыптастырудың жаңа (гранттық және несиелік) моделіне көштік;

мемлекеттік университеттер арасында шынайы бәсекелестік пайда болды; жоғары білім берудің мемлекеттік емес секторы пайда болды және тез ұлғайды; жоғары оқу орындарын лицензиялау мен аттестациялау талаптары қатайды; магистрлік даярлық көбейді, аспирантура мен докторантураға бөлінетін бюджеттік шығындар қысқарды; Еуразия аймағына жоғары мектепті дамытудың негізгі өлшемдерін үйлестіру мен қазақстандық дипломдарды ТМД елдерінде мойындату қажеттіліктері сезілді; Еуразия аймағында ортақ ғылым-білім кеңістігін ықпалдастыру мен дамыту туралы мәселе күн тәртібіне қойылды.

Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа тұжырымдамасын жасағанда, өз моделін айқындауға осындай әлемдік, Еуразиялық және ұлттық тенденцияларды есепке алмай болмайды.

Мысалы, тәуелсіздіктің 10 жылы ішінде әртүрлі заңдар қабылданды. Бірақ олардың бәрі бірдей дәйекті болған жоқ, бәрі бірдей ойдағыдай іске асырылмады. Көрсетілген мерзім ішінде білім саласына қатысты заң үш рет ауыстырылды. Қазіргі уақытта Қазақстанның жоғары мектептері басшылыққа алып отырған “Білім туралы” заң 1999 жылы 7 маусымда қабылданды. Оның да кемшіліктері жоқ емес.

“Білім туралы” заңның бір ғана қағидасына тоқталайын. 3-бапқа (6-тарау) сәйкес білім беру ұйымдарының меншік нысаны бойынша алуан түрлілігі жария етіледі, ал 7-бапта “ҚР білім беру жүйесі меншік нысандары, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, өзара іс-қимыл жасайтын ұйымдардың

жиынтығы болып табылатындығы” айтылады.
Бұл іс жүзінде неге әкеп соқты?

90-шы жылдардың өн бойында мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының тұрақты өсу тенденциясы ірге тепті: 1995 жыл – 38, 1996 – 47, 1997 – 71, 1998 – 98, 1999 – 111. Мемлекеттік емес жоғары оқу орындары студенттері контингентінің өсу қарқыны да сол секілді: 1995 – 16,5 мың, 1996 – 36 мың, 1997 – 44 мың, 1998 – 71 мың, 1999 – 72,2 мың. Осыған байланысты: *жеке меншік жоғары оқу орындарының дәл осындай реттелмеген өсу тенденциясы еліміздің ХХІ ғасырдағы болашаққа арналған ұлттық-мемлекеттік мүдделеріне қаншалықты жауап бере алады? – деген ойға да қаласың.*

Осыдан келіп “жеке” білім берудің сапасы мен жоғары мектептегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың үйлесімді ара қатынасы туралы мәселе сөзсіз туындайды.

Рас, Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де студенттер санының іс жүзінде өсу тенденциясы байқалады. Мектеп түліктерінің Жапонияда – 80, АҚШ-та 60 пайызы жоғары оқу орындарына түседі. 1980 жылы Қазақстанда мектеп бітірушілердің 20 пайыздай бөлігі ғана жоғары оқу орындарының табалдырығынан аттаса, 2000 жылы олардың қатары 67 пайызға дейін жетті. *Бірақ қабылданғандардың бәрі бірдей жоғары оқу орнында оқуға шын мәнінде қабілетті ме? Бізге жүрдім-бардым “жоғары білім алған” азаматтар қажет пе? Оның орнына, экономикада, әлеуметтік салада, ғылымда, техникада топ жарып шығу-*

ға қабілетті, интеллектуалдық, саяси, коммерциялық игі жақсыларды жасағанымыз абзал емес пе?

ҮСТІРТ қарағанның өзінде мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының мынадай негізгі кемшіліктерін аңғаруға болады: өз ғимараттарының болмауы немесе олардың оқыту процесін ұйымдастыруға лайықталмауы; қазіргі заманғы оқыту құралдарының – компьютерлердің, лабораториялық жабдықтардың, арнайы жасақталған бөлмелердің және тағы басқалардың болмауы немесе сапасының нашарлығы; кітапханаларда орындардың аздығы немесе олардың мүлде жоқтығы; әлеуметтік қорғаудың төмендігі, яғни жатақханалардың, стипендиялардың, спорт ғимараттарының, тамақтандыру орындарының жоқтығы; педагогикалық ұжымның қағаз жүзінде ғана болуы; педагогикалық ұжымның мемлекеттік оқу орындарының қосымша жұмыс істейтін оқытушыларының есебінен құралуы; студенттер құрамының болашақ кәсіби қызмет мазмұнын толық игеруге әркез даяр еместігі; студент пен қоғам алдында кәсіби қызметтің сапасы үшін жауапкершілік жоқтығы; оқу-тәрбие процесінің төмендігі; тәрбие жұмысының жеткілікті дәрежеде болмауы және т.б.

Сонда студенттер мен олардың ата-аналарын жекеменшік жоғары оқу орындары несімен қызықтырады? Біздіңше, олардың ең алдымен қызықтыратыны – оқытудың арзандығы, тұрғылықты жеріне жақын орналасуы, білім деңгейі мен оқу процесінің сапасына талап қойылмауы, жоғары білім туралы дипломды қысқа мерзім

ішінде және ақыл-ой қабілетін аса көп жұмсамай-ақ алудың мүмкіншілігі. Бұл, шындап келгенде, халықты алдау болып шығады. Бұған жұртшылықтың өзінің де көзі тез жетеді деп ойлаймын.

Көптеген жоғары оқу орындары мен олардың филиалдары қаптатып диплом беруде, ал олардың иелері жұмыс таппай сандалуда. Қоғамда кадрларды артық өндірудің дағдарысы осындайдан туады. Бұраудың да сұрауы бар дегендей, заңға, талапқа сәйкестендіріп мұның бәрін ретке келтіретін мезгіл жетті. Аттестациялау, мемлекеттік аккредитациялау үстінде мұндай жоғары оқу орындарының санын күрт қысқарту керек. Қазақстанның жоғары мектебіндегі мемлекеттік емес сектор қатаң бақылануы және белгілі бір мөлшерден, бәлкім, мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттері санының 15-20 пайызынан аспауы тиіс. Тек осындай ара қатынас сақталған жағдайда ғана бақылауды жүзеге асыруға және мемлекеттік емес жоғары білім берудің сапасына сеніммен қарауға болады. Бүгінгі таңда мемлекеттік емес жоғары оқу орындары студенттерінің контингенті (күндізгі бөлімде оқитын барлық студенттердің санына шаққанда) 40 пайызға жетті.

Кейбір мамандықтарға сұраныстың жаппай өршіп тұрған жағдайында білім берудің жеке секторы арқылы біздің азаматтарымыздың отбасылық бюджеті өте көп шығынға ұшырауда. Мұның үстіне студенттердің болашағы үшін ешкім өз мойнына жауапкершілік алып жатқан жоқ. Жоғары оқу орны – кім тауарын бұрын алып үлгерсе, соныкі дұрыс саналатын базар емес. Жоғары мектеп тек

қана базар заңдарына сәйкес дами алмайды және олай дамымауға тиіс. Жалпы білім беру секілді, жоғары мектеп те – қазақстандықтардың болашақ ұрпағын тәрбиелеу мен оқыту жолындағы мемлекеттің мүлтіксіз жауапкершілігінің саласы.

Олай болса, жоғары білім беру жүйесінің мемлекеттік емес саласына қатысты Үкімет пен Білім және ғылым министрлігі тарапынан әркез ұстанып отыратындай айқын бағыт-бағдар жасалуы тиіс. Мұндайда біз Еуропаның өркениетті елдерінің тәжірибесін көріп отырмыз. Мысалы, Англияда әлі күнге дейін жалғыз ғана жеке меншік университет болса, Германияда ондай оқу орындары бүкіл жоғары оқу орындары секторының 2 пайызын ғана құрайды. *Бұл нені байқатады?* Сөз жоқ, Еуропаның жоғары білім беру саласында тұрақты дәстүрлері бар дамыған елдері білім берудің жеке секторын орынсыз кеңейте беруге асықпайтындығын білдіреді. Міне, біз үлгіні “дамушы” елдерден емес, солардан алуымыз қажет.

АКАДЕМИК және корреспондент-мүше атақтарын коммерциялық негізде онды-солды тарататын көптеген қоғамдық жеке “академиялар” пайда болғалы бері ғылымның да қадірі кетіп, Ұлттық Ғылым Академиясы академигінің де мәртебесі төмендеді.

Бүгін жеке меншік жоғары оқу орындары мен қоғамдық академиялардың саны өскендігінен мемлекет еш пайда көріп отырған жоқ. Керісінше, жеке білім берудің бақылаусыз жаппай етек жайып, азаматтардың жеке мүддесін қанағаттандырып жат-

қандай болып көз алдауы мемлекет пен қоғамға зиянын тигізуде.

Осының бәрін айтқанда, білім беру жүйесінде ештеңені өзгертпеу керек еді деп отырғаным жоқ. Жоғары мектеп реформасы қажет-ақ еді. Ол жүргізілді.

Бірақ 90-шы жылдарғы “реформалар” мен бет-бұрыстар үстірт, немқұрайды жүргізіліп, жаңа ұрпақты келешекке даярлау ісіне терең мән берілмеді. Өкінішке қарай, мұның барлығы көптеген “оңтайландырудың” аясында өтіп жатты. Жоғары білім беру жүйесін дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамасы да, ұзақ мерзімге арналған тұрақты стратегиясы да болған жоқ. 90-шы жылдар әйтеуір мемлекеттік жоғары оқу орындарын біріктірумен, олардың атын өзгертумен, қысқартумен өтті. Педагогикалық институттарға техникалық, инженерлік және өзге де салалық жоғары оқу орындары қосылғанмен, ештеңе өзгере қоймайды, педагогикалық емес кәсіптердің мамандарын даярлаудың деңгейі көтерілмейді.

Бұл жағдайда жоғары мектепті дамыту стратегиясы қандай болуы қажет? Салалық жоғары оқу орындары ірі аймақтық университеттерге сіңісіп, мүлде жойылып кетуі керек пе? Жоғары оқу орындарын жаппай “жекешелендіру” дейтін де көкейге қона қоймады. 2000 жылы жекешелендіруге жататын – 11, жатпайтын – 25 жоғары оқу орнының тізімі жасалып қойғандығын екінің бірі біле бермейді. Біздің пікірімізше, еліміздің барлық мемлекеттік жоғары оқу орындары профессорлар мен оқытушылардың әлденеше ұрпағының қолымен

жасалған ұлттық қазынамыз болғандықтан, олар жекешелендірілмеуі тиіс.

Білім берудің дағдарысты жағдайын оқулықтардан да байқауға болады. Көптеген оқулықтар сын көтермейді. Сапасы, мазмұны, деңгейі төмен. Миллиондаған ұрпақтың болашағын болымсыз оқулыққа байлауға болмайды. Өйткені, оқулық жәй мақала емес, ол – өмір тағылымы, жан азығы, ұзақ жылдар үздіксіз қызмет ететін рухани ұстаз. Сондықтан, оқулықтардың мазмұнына қойылатын талапты күшейту керек, авторлыққа ақылды, тәжірибелі, білімді кісілерді тарту қажет.

Еуразия аймағында математика, физика, химия, информатика, биология, шетел географиясы, әлем тарихы, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жалпыға ортақ оқулықтар шығаруға көшу қажет болар. Ондай оқулықтарды халықаралық авторлар тобына жаздыруды, бұрыннан сыннан өткен және жақсы деп танылған оқулықтарды қайта шығаруды, халықаралық сараптама құруды, оқулықтардың үздік үлгілерін алмасуды және өзара көмектесуді дәстүрге айналдыру керек.

Жоғары мектеп жалпы білім беретін мектептермен әрқашан тығыз байланысты болып келді және бола береді де, өйткені бүгінгі оқушы – ертеңгі студент. Жалпы орта мектептегі реформалар да бізді қатты мазалайды. Жалпы орта білім беруді 12 жылдық оқыту мерзіміне көшіру – бізде шешілген мәселе. Лиссабон конвенциясына қол қойылған соң мұны жүзеге асыру қажет. Бірақ осыған байланысты көптеген сұрақтар туындайды: *Дәл қазір осындай өзгерістерге дайын ба*

едік? Оны жүзеге асыратын қабілетті кадрлар бар ма, нормативтік құқықтық құжаттар әзірленіп жатыр ма? Жаңа стандарттар, оқу жоспарлары жасалу үстінде ме? Орта және жоғары мектепті тоғыстыру жолдары қандай? 11 жылдық мектепте білім берудің мазмұны 12 жылдықтан несімен ерекшеленеді? Үздіксіз білім берудің қалыптасқан жүйесі әрі қарай қалай қызмет етеді? Жаңа оқулықтар жазылып жатыр ма?

Өкінішке қарай, бұл сұрақтарға әзірге жауап жоқ. Бірақ реформа басталып кетті. Егжей-тегжейлі ойластырылмай жасалған жаңалықтан ертен опық жеп, оның зардабын шегіп жүрмейміз бе? Жаңа проблемалар туындамай ма?

Білімнің болашағы туралы ойланғанда, бұқаралық және элитарлық білім берудің ара қатынасын да айқындап алған жөн. Философтар ХХІ ғасырдағы білім беру қандай болу керек деген мәселе жөнінде таласқанда, кей кезде бұқаралық және элитарлық модельдерді карама-қарсы қояды.

Жоғары білім берудің элитарлығы аса тартымды көрінеді маған. Дүние үшін ол жаңа нәрсе емес. Барлық мәселе оның мазмұнында. Егер игі жақсылардың белгілері парасаттылық, білімпаздық, шығармашылық қабілеттілік, іскерлік болса, онда жоғары білім берудің элитарлығын мақұлдаған жөн. Әлбетте, бүкіл жоғары мектепті элитарлық сипатқа көшіру мүмкін емес. Білім берудің ұлттық жүйесінде элитарлық университеттерге де, олардан гөрі қол оңайырақ жететін бұқаралық жоғары білім ордаларына да орын табылуы тиіс.

Иә, сонымен элитарлық университеттер қандай болуы керек? Элитарлық жоғары оқу орындары тек озық жоғары оқу орындарының базасында ғана құрыла алады. Президент Н. Назарбаевтың бірқатар жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе берген 2001 жылы 5 шілдедегі жарлығы жоғары оқу орындарының келешекте осы жолмен дамуына бағытталған. Шын мәнінде бұл Жарлық – Қазақстанда элитарлық жоғары білімнің құрылуының бастауы.

Ерекше мәртебеге ие болған жоғары оқу орындары сан қумай, сапаны қамтамасыз етуі керек.

Элитарлық білім дамуының тағы бір түйіні классикалық және кәсіптік жоғары оқу орындарының арақатынасы туралы мәселеден шығады. Стратегиялық мәселе мынада: интеллектуалды, жан-жақты білімді интеллигенция да, нақты мамандар да қажет болады. Бұл екеуін даярлау – жоғары мектептің екі түрлі моделі. Бұл модельдер бір-бірімен араласпауы керек, керісінше, бөлек болуы қажет. Сол себептен элитарлық классикалық университеттермен қатар, техникалық, аграрлық, медициналық және тағы басқа салалық арнаулы жоғары оқу орындарын да сақтап, дамыту қажет деп ойлаймыз. Жоғары мектептің ұлттық жүйесі тек осындай жағдайда ғана ғасырдың талабына сай бола алады.

Студенттер контингентін қалыптастыру – жоғары мектеп үшін аса маңызды. Жалпы студенттік контингент, оның ішінде элитарлық жоғары оқу орындарында қалай қалыптасуы керек? Соңғы жылдары студенттік контингенттің қалыптасу мо-

делі жоғары оқу орындарына жоспарсыз қабылдануға сәйкес жасалды. Жалпы көпшілікке арналған жоғары мектеп үшін бұл – ең қолайлы модель. *Ал бұл механизм элитарлық жоғары оқу орындарында контингент қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?* Әрине, жоқ. Жаңа модель бойынша абитуриенттер контингенті жоғары оқу орындарына бекітіліп берілмеген. Бұл жағынан республика бойынша барлығы үшін бірдей жағдай қалыптасқан. Сондықтан да нақты бір жоғары оқу орны үшін элитарлық контингент қалыптастыру өте қиын, тіпті мүмкін де емес.

Көптеген мамандықтар мен бағыттар бойынша (математика, қолданбалы математика, механика, физика, информатика, астрономия, химия, биология, экология және табиғатты пайдалану, биотехнология, философия, мәдениеттану, дінтану, саясаттану, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтану, шығыстану, археология және этнология, аймақтану, шетел философиясы, мемлекеттік және жергілікті басқару, экономикалық теория, экономика, бағалау, құжаттану және басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету) мемлекеттік тапсырыс болмашы ғана мөлшерде – 5, 10, 15 адам ғана. Нәтижесінде әр жоғары оқу орнына аталған мамандықтар бойынша (грант және несие бойынша) 1-2 студент қана түседі.

Бюджеттік академиялық топ 1-2 студенттен құралмайды ғой. *Сонда оларды қалай оқытамыз?* Егер бұл студенттерді келісімшарт бойынша оқитын топқа қоссақ, ол күшті де дарынды студенттің оқуға деген ынтасын азайтуға әкеліп соқ-

тырды. Сөйтіп, элитарлық топтың орнына құрамында орташа, нашар оқитын студенттер де бар орта дәрежедегі топ пайда болады. Бұл жағдайда білім беру процесі де төмендеп кетеді.

Мұның бәрі студенттік контингентті қалыптастырудың жаңа моделін жасаған авторлардың шетелдік тәжірибені көшіре салғанының, ойланбай, мәселеге атүсті қарағандығының нәтижесінде болып отыр. Нәтижесінде мемлекет ұтылуда, себебі, мемлекеттік тапсырыспен кадр даярлау процесі әртүрлі жоғары оқу орындарына бөлініп беріледі де, мықты, жоғары білікті және элитарлық мамандардың орнына еліміз (өзінің тапсырысы бойынша) ортаңқол ғана мамандар алады.

Ендеше, Үкімет өзіне қажет мамандарды материалдық базасы мықты, профессор-оқытушылар құрамы жоғары университеттерде мемлекеттік тапсырыспен әзірлеуі керек. Мемлекеттік тапсырыс нақты жоспарланған мемлекеттік тапсырма болғандықтан, мамандар даярлаудағы мемлекеттік тапсырыс базардың шашыраңқы жағдайында жүзеге асырылмауы тиіс.

ОЙЛАНДЫРАТЫН тағы бір жағдай бар. Ақылы негізде оқитын студенттер саны көбейіп барады, ал олардың білім деңгейі талапқа сай келе бермейді. Егер осылай жалғаса берсе, 5-10 жылдан кейін біз дипломды, бірақ білімсіз елге айналамыз. Қазірдің өзінде жоғары оқу орындарын бітіргендердің ішінде өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндер өте көп, ал заңгерлердің, экономистердің, бухгалтерлердің және аудармашылардың саны қисынсыз дәрежеге дейін өсіп отыр.

Әрине, азаматтардың келісімшарт негізінде оқуына қарсылық жасауға болмайды. Алайда, мемлекет бұл процесті реттеуі керек. Әйтпесе, енді аз уақыттың ішінде елімізді “квазипрофессионалдар” толқыны басып кетеді. Мұның бәрі бір жағынан мамандарға деген сұранысты жоспарламаудан туындап отыр. Еңбек базарын бағамдап отыру – бүгінгі күннің ең қажеттіліктерінің бірі.

Осы мәселелердің барлығы жоғары мектепке қабылдау ресімін мұқият ойлануды талап етеді. Элитарлық жоғары оқу орындары өздеріне оқуға қабылдаудың ережесін және дарынды студенттерді іріктеудің арнайы тетігін өздері жасауы тиіс. Мысалы, ММУ-дің өзіндік оқуға қабылдау ережесі бар, бұл өте жоғары деңгейдегі студенттік контингентті ұстап тұруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы жоғары оқу орындары да өздерінің мәртебелеріне сәйкес студенттік контингент қалыптастырудағы стратегиясы мен әдіс-тәсілін өздері анықтағаны жөн. Мемлекеттік аттестациядан және аккредитациядан өткен элитарлық университетке таңдап алу өте қатаң түрде жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай университет сапырылысып жатқан “дәліз” сияқты болмауы керек. Ол мәртебесінің бағасын білуі қажет. Жоғары оқу орны дегеніміз – студенттер. Студенті қандай болса, оқу орны да сондай болады. Жоғары оқу орнының бетбейнесі маңдайшаға ілінген тақтайшадан емес, студенттерінен танылады.

Элитарлық оқу орындарында дарынды балалар, оның ішінде де ғылымға ғана емес, санаткерлікке, шығармашылыққа, көркемөнерге, спорт-

қа және басқа да қабілеттерге ие дарындылар оқуы тиіс. Ондай балалар қалада да, ауылда да бар. Олардың көпшілігі алыс ауылдардан келуге жағдайы көтермей, қалып қояды. Біздің міндетіміз – осындай балаларды тауып, олардың республикамыздың ең мықты жоғары оқу орындарында білім алуына мүмкіндік жасау.

Еуразия университеті дарынды абитуриенттердің, халықаралық және республикалық олимпиадалардың, байқаулардың, жарыстардың жеңімпаздарының, “Алтын белгінің”, халықаралық гранттардың иегерлерінің жол қаражатын төлеуді өз міндетіне алып отыр. Мұндай абитуриенттерді қабылдау және оқыту университеттің санаткерлік элитарлық контингентін қалыптастыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Елбасының да бізден талап етіп отырғаны осы.

Элитарлық университеттерге қабылдау екі кезеңде өтуі тиіс: алдымен жалпы кешенді тестілеу, содан кейін мамандықтың ерекшелігіне қарай арнайы емтихандар (ауызша немесе жазбаша) өткізу. Мысалы, Жапонияда элитарлық жоғары оқу орындарына абитуриенттерді іріктеу осылай жүргізіледі.

Университетке оқуға дарынды да қабілетті студенттерді іріктеу көптеген өзгерістерге: жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамын мұқият іріктеуге, оқытудың жеке жоспарларын жасауға, студенттің мүмкіндігі мен қабілетіне қарай ғылыми-зерттеу тақырыптарын белгілеуге, демалуға, спортпен айналысуға қолайлы жағдай жасауға жол ашады. Еуразия университеті осындай мак-

саттар үшін бүгінде жаңа оқу ғимаратын, жайлы жатақханалар салып, Зерендіде демалыс аймағын, емдеу-сауықтыру орнын ашуды жоспарлап отыр.

Астананың санаткерлік және шахмат элитасын қалыптастыру және дамыту үшін ЕҰУ-да әлем чемпионы Дәрмен Сәдуақасовтың шахмат мектебі ашылды, ол мектепке тек студенттер ғана емес, мектеп оқушылары да қатысады. Шахмат – бұл санаткерлік ойыны. Бұдан 20 жыл бұрын математикалық факультеттерде шахматтан қосымша сабақ өткізу міндетті еді. Ал сонау орта ғасырда міндетті жеті рыцарьлық өнердің бірі – шахмат болған. Мүмкін, 5 жылдан кейін Еуропа және әлем чемпиондары, жаңа Каспаровтар біз құрған осы мектептен шығатын болар.

Ендігі жерде мамандарды шетелдерде мемлекет қаржысына оқытуды да шектеу керек, өйткені шетелде оқу әркімнің өз ісі. Қазақстан да өзінің элитарлық кадрларын өз елінде дайындауы тиіс деп ойлаймыз. Олар тек сонда ғана өз елінің патриот игі жақсылары бола алады. Еуразия ұлттық университеті осы бағыттағы білім беру саясатын жүргізуде.

Егер білім берудің болашағы – ұлттың болашағы десек, ұлттың болашағы – мемлекеттің болашағы, демек, білім беру саласы – маңызды мемлекеттік іс. Сондықтан да жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының мәртебесін көтеру қажет. Дамыған елдерде, мысалы, Германияда жоғары оқу орындарының оқытушылары мемлекеттік қызметкер мәртебесінде. Мұндай шара жоғары мектеп қызметінің жауапкер-

шілігі мен сапасын көтерер еді. Мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы педагогикалық кадрлар үшін “сертификаттау” және жаңаша аттестациялауды енгізу де дұрыс.

Мемлекет оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыру мәселесімен де шындап айналасуы тиіс. Кәсіби игі жақсылар қатары оқуды үздік бітіргендер мен дарындылармен толықтырылғаны жөн. Жас мамандардың практикасын өткізу, жоғары оқу орындарын үздік бітіргендерді қызметке алу – министрліктер мен мемлекеттік мекемелердің міндетіне айналуы тиіс.

Бюджеттік негізде оқитын студенттердің алды қазір жоғары курстарда оқып жүргенін, ал оқу бітірушілерді мемлекеттік міндетті бөлу жүйесі баяғыда бұзылғанын Үкіметтің ойланғаны жөн. Мемлекет мамандар даярлауға қаржы жұмсап, сосын ол мамандарды қызметке орналастырмайтын саясаттың қайдан шыққанын мен өз басым түсінбеймін. *Сонда қазіргі грант, несиенен жүргендерді не істейміз? Олар қайда жұмысқа орналасады? Грант бойынша ең мықты студенттер оқып жатыр, олардың ертеңгі күні не болады? Несие бойынша оқитындар оны кері қайтаруы тиіс, егер олар жұмыс таба алмаса, қарыздарын қалай қайтарады? Бұл сұрақтарға жауап тез табылуы тиіс.*

Бюджет бойынша бітіріп, жеке меншікке жұмыс істеуге кеткендерден жоғары оқу орнының оны оқытуға жұмсаған шығынын қайтаратын тетігін ойлап табу керек.

Базарлы экономика мен жеке кәсіпкерлік жедел дамыған заманда өздеріне маман әзірлеп жүрген жеке кәсіпкерлерді көріп жүргеніміз жоқ. Олар өздеріне қажет мамандарды өздері төлеп әзірлетуі керек.

Жоғары білімнің сапасы, шын мәнінде, стратегиялық мәселе.

Барлық елдерде де жоғары мектепті бағалау жүйесі (әр елде әртүрлі) қалыптасқан. Әдетте ол лицензиялау және аккредитациялау жолымен бағаланады. Кейбір елдерде мемлекеттік қана емес, қоғамдық, тәуелсіз аккредитациялау жүйесі бар. Қазақстанда да осы екі жүйе – мемлекеттік және қоғамдық аккредитациялаудың болуына қол жеткізуіміз қажет. Бірақ әуелі мемлекеттік аккредитациялаудың жүйесі жасалуы керек.

Жоғары оқу орындарын мемлекеттік аккредитациядан өткізуді Білім және ғылым министрлігінің құзырынан шығарып, Франциядағыдай, Елбасына тікелей бағынатын арнайы орган құрған дұрыс болар еді. Білім беру қызметіне өзі лицензия беретін мемлекеттік орган жоғары оқу орындарына өзі аккредитация жүргізбеуі керек.

Сондай-ақ, Қазақстанда жоғары оқу орындарының алатын орнын негізгі көрсеткіштері бойынша анықтап отырса жөн болар еді. Көптеген басқа елдердегідей жоғары оқу орындарының рейтингтік тізімін жариялап отырудың да маңызы зор. Мұның бәрі сапалық та, сандық та көрсеткіштер бойынша алға ұмтылуға, жақсы нәтижелерге жетуге ынталандырады еді.

БҰРЫН жоғары мектептің шын мәніндегі бағасын беруге, сапасын бақылауға жөнді көңіл бөлінген жоқ. Әдетте, бәрі, қорытындысы алдын ала белгілі болатын ведомствоішіндік атүсті аттестациялау аясында жүргізілді, ал бүгін білім беру қызметі базарындағы жағдайды дәл көрсететін, ұлттық білім беру жүйесінде “кімнің кім екенін” анықтап беретін шынайы да тәуелсіз баға керек.

Сонымен, Қазақстанның жоғары мектеп жүйесі үздіксіз, алдын ала болжанған даму жолына ұмтылып, сапалық жағынан да, сандық жағынан да жақсы көрсеткіштерге жетуге тырысуы керек. Білім беру аясының құжаттары жан-жақты ойластырылып, нәтиже беретіндей етіп жасалып, жүзеге асырылуы тиіс. Білім берудің сапасын үнемі арттырып отыруға кепілдік беретін инновацияларды енгізген дұрыс. Үздіксіз дамуға ұмтылуымыз керек.

Қазақ халқының аңсаған тәуелсіздігімен табысқанына да он жылдан асты. Ғасырлар бойы тағдырдың тәлкегіне ұшырап, өмірдің барлық саласында тарихқа есесі кеткен ел-жұрт үшін тәуелсіздіктің әр жылы, әр айы, әр күні, тіптен, әрбір сәті кезеңдік мазмұн-мағынаға толы болатыны аян. Қордаланып қалған саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани проблемалармен тікелей беттесіп, өз тағдырының тізгінін өз қолына алған халқымыз бүгінде тәуелсіздіктің әу бастағы қуаныш-қызығын сабағына түсіріп, енді замандық сарабдал жауапкершілікке ойыса бастағанын көз көріп отыр.

Боламын деген ел болашағын көздейді, әдепті елдің баласы бесіктен белі шықпай жатып жағаға